



2023-2024 оқу жылына арналған балабақшаның әдістемелік кеңес жоспары

№	Отырыс тақырыбы	Қаралатын мәселелер мен іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	"Жаңа оқу жылы – жаңа белес"	1. 2022-2023 оқу жылының әдістемелік жұмысын талдау. 2. Жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту. 3. Тәрбиешілердің өзін-өзі жетілдіру тақырыптарын анықтау.	Тамыз	Әдіскер, Меңгеруші
2	"Педагогикалық шеберлік және инновация"	1. Мектепке дейінгі тәрбиедегі заманауи технологиялар (ойын, STEM, құм терапиясы). 2. Аттестаттаудан өтетін тәрбиешілердің портфолиосын қарау. 3. Тәрбиешілердің ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерін жоспарлау.	Қараша	Әдіскер, Тәрбиешілер
3	"Баланың даму мониторингі"	1. Бірінші жартыжылдықтағы балалардың дағдылары мен икемдерінің даму мониторингі. 2. Мектепке даярлық топтарының дайындық деңгейі. 3. Ата-аналармен жұмыстың жаңа формаларын енгізу.	Қаңтар	Психолог, Тәрбиешілер
4	"Тәрбиешінің шығармашылық зертханасы"	1. Озық іс-тәжірибені жинақтау: "Менің ең үздік сабағым". 2. Дидактикалық ойындар мен көрнекі құралдар көрмесін ұйымдастыру. 3. Балалардың денсаулығын нығайту бойынша сауықтыру шаралары.	Наурыз	Әдіскер, Мамандар
5	"Оқу жылының қорытындысы"	1. 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың есебі. 2. Тәрбиешілердің шығармашылық есептері мен жетістіктері. 3. Жазғы сауықтыру кезеңіне жоспар құру.	Мамыр	Әдіскер, Меңгеруші

МКҚК №15 «Жидек» бөбекжай -балабақшасы
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ХАТТАМА

Ақтөбе қ.

№1

«05» «09» 2023 ж.

Кеңес отырысының қатысушылары: 28 педагог

Күн тәртібі:

1. Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен» таныстыру

Меңгеруші: Г.К.Иманова

2. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің 09.09.2022 ж. №394 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын» талқылау

Тәрбиеші: И.С.Сандыбаева

Тыңдалды:

1-ші сұрақ бойынша меңгеруші Г.К.Иманова: Мектепке дейінгі ұйымда барлық топтарда оқыту және тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру барысында педагогтар нормативтік құжаттарды негізге ала отырып жұмыстануы тиіс. Балабақшада қызмет ететін әрбір педагог төменде аталған нормативтік құжаттарды жақсы меңгеріп, оқыту тәрбиелеу процесін ұйымдастыруға міндетті.

- Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы.*)
- Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен»
- Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің 09.09.2022 ж. №394 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын»
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізіліп 14.10.2022 № 422 қаулысымен бекітілген*)

Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (бұдан әрі-Стандарт); Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу

жоспарларына (бұдан әрі-Үлгілік оқу жоспарлары); Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) сәйкес жүзеге асырады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарауында көрсетілген Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар. Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру қызметін: 1) осы стандартқа; 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына 1-қосымшаға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар);3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы);5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

Сонымен қатар тәрбиелеу-білім беру процесінде: әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады, балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі; салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады; тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды; Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді; баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалды, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі.Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады. Физикалық қасиеттерді дамыту.Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады. Дене шынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің

негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық және патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту,

рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге; Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтиды-деп атап өтті слайд презентациядан көрсетіп.

2-ші сұрақ бойынша тәриеші В.А.Чипегина: Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің 09.09.2022 ж. №394 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын» таныстырып, педагогтар арасында талқылау жүргізді.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Ұйымдастырылған іс-әрекет - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет дене шынықтыру нұсқаушысымен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, денешынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың дене белсенділігін арттыру үшін қимылды ойындарға соның ішінде ұлттық қимылды ойындарға басымдық беру және балалардың дербес қимылды әрекетін таңертең, таңғы астан соң, серуен кездерінде, ұйқыдан соң өткізу ұсынылады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет, мектепалды топта 2 рет) ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, еңбек әрекеті, бейнелеу, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) театрландырылған, дербес және басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде оларға түрлі сұрақтар қою (сұрақтарды қойғанда «иә» немесе «жоқ» деп жауап беретін жалпы сұрақтар немесе барлығы қосылып жауабын бірге айтуға арналған сұрақтар емес, әрбір бала жеке жауап бере алатындай сұрақтар) арқылы, балаларды көбірек сөйлесуге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, олармен кез-келген мәселе бойынша әңгімелесіп, олардың пікірін тыңдау және т.б. арқылы дамыту ұсынылады. Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады. Балалардың мектепте оқуға дайындығын қамтамасыз ету үшін мектепалды даярлық тобында Сауат ашу негіздері аптасына екі рет өткізіледі.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады.

Бөбек жасы балалары үшін сенсорика бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлінеді, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып, салыстыруға баулу көзделеді. Баланың затты немесе ойыншықты ұстап көріп, зерттеп, өздігінен тәжірибе жинақтауына басымдық беру ұсынылатын болғандықтан, педагог ауызша сөзбен айтып түсіндіруді барынша жетекші сұрақтарды жиі қолдану тәсіліне қарай бағыттағаны дұрыс болады.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін математика негіздерін күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру

әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы театрландырылған әрекет, әңгіме, дербес және басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастыруға болады. Мұнда ұйымдастырылған іс-әрекет барысында берілген ұғым, түсініктерді (заттардың түсі, көлемі, пішіні, саны, кеңістікте орналасуы және т.б.) еркін ойында және режимдік сәттерде балалардың жасына сәйкес бекіту, ол үшін сәйкес сұрақтар қойып, балалардың жеке жауаптарын тыңдау, балалардың математика терминдерін қолданып жауап беруіне, заттарға өз бетінше зерттеу жүргізуіне игерген дағдыларын қолдануына мән беру ұсынылады.

Қоршаған ортамен танысу күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеті арқылы іске асырылады. Мұнда балалардың заттарды қолмен ұстап, зерттеуі, олардың қасиеттеріне талдау жасауы, заттарды қолдануы, туындаған сұрақтарға жауап беруі, өз бетінше сұрақтардың жауабын іздеуі мен табуы, алынған дағдыларды ойында қолданаалуы маңызды.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады және бірнеше жұмыс түрі қатар жүруі мүмкін немесе көпшілігінің қалауы бойынша барлығы бір жұмыс түріменайналысуына болады.

Балалар айналадағы болып жатқан оқиғаларды ой елегінен өткізіп, тәжірибе жинақтауы және дағдыларды игеруі үшін олардың қиялын дамыту, шығармашылық қабілеттерін ашу ұсынылады, ол үшін балаларға жұмыс жасауға дайын үлгі беруді жиі қолданбау, бейнелеу құралдарын қолданып, бейнелерді, құрастыруларды өзбетінше жасауға ынталандыру, оларға еркіндік беру, тапсырманы шығармашылықпен орындауға баулу.

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті ерте, кіші, ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек және мектепалды даярлық топтары мен сыныптарында аптасына екі рет музыка жетекшісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі-деп өз сөзін аяқтады.

Әдістемелік кеңес отырысының қорытындысы бойынша:

1. Барлық топтарда оқыту және тәрбиелеу жұмыстары нормативтік құқықтық құжаттарға сәйкес жүзеге асырылсын.
2. Үлгілік оқу жоспарын басшылыққа ала отырып барлық жас ерекшеліктерге сәйкес топтарды ұйымдастырылған іс әрекеттер жүргізілсін.

№15 «Жидек» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі: Г.К. Иманова



МКҚК №15 «Жидек» бөбекжай балабақшасы
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ХАТТАМА

Ақтөбе қ.

№2

«23» «11» 2023 ж.

Кеңес отырысының қатысушылары: 27 педагог

Күн тәртібі:

1. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша таныстыру, циклограммаға міндеттелген пунктарды қосу, айлық жоспар, жылдық жоспарға еңгізу, нәтижелерін көрсету

Әдіскер: С.Т.Кубашева

2. Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын орындау. Мониторинг бойынша жұмыс істеу

Тәрбиеші: И.С.Сандыбаева

Тыңдалды:

1-ші сұрақ бойынша әдіскер С.Т.Кубашева слайд таныстырылым бойынша талдау жүргізді. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды тапсырды. Осыған орай 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

тәуелсіздік және отаншылдық

бірлік және ынтымақ

әділдік және жауапкершілік

заң және тәртіп

еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Сондықтан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

Күн тәртібінің 2-ші сұрақ бойынша И.С.Сандыбаева:

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсету мақсатында түсіндіріп кетуді ұйғардым. Мектеп жасына дейінгі балалардың даму деңгейі балалардың Үлгілік бағдарламаның білім беру салаларының мазмұнын игеру барысында қалыптасатын дағдыларға сәйкес анықталады және балалардың даму индикаторларына сәйкес өлшенеді. Балалардың даму деңгейлерін қадағалау Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті

стандартын сәйкес баланың жетістіктерінің мониторингі негізінде 3 деңгейде жүзеге асырылады:

Төмен – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;

Орташа – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;

Жоғары – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

Балабақшада диагностиканы ұйымдастырудағы негізгі мәселе оны жүргізудің ортақ тәсілінің болмауы болып табылады. Диагностикуаны жүргізудің қолданыстағы әдістемесі мектепке дейінгі білім беру саласындағы жаңартылған нормативтік құжаттардың мазмұнының талаптарына сәйкес келмейді. Слайдта көрсетілген әдістемелік ұсынымдар педагогтерге балалардың Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеруіне мониторинг жүргізуінде әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленді.

Мектеп жасына дейінгі баланың даму мониторингі оның түрлі кезеңдердегі даму динамикасын есепке алуға, балалардың жеке дамуында сауатты педагогикалық қолдау көрсетуге және балалармен әрі қарай жасайтын жұмыстарға түзету жүргізуге ықпал етеді. Индикаторлар жүйесі төмендегідей құрылымнан тұрады:

-білім беру саласы – білім беру мазмұнын анықтайтын санат;

-ұйымдастырылған оқу қызметі - педагог ұйымдастырған және тәжірибеде қолдануға қажетті білім, білік, дағдыларды меңгеруге бағытталған әрекеттің бір түрі;

-дағдылар – нақты жас тобында белгілі бір кезеңде баланың дамуынан күтілетін нәтиже.


Мониторингтің мақсаты- мектеп жасына дейінгі балалардың дене, тұлғалық және интеллектуалдық қасиеттерінің даму динамикасын анықтау. Мониторинг педагогтің балаларды күнделікті өмірде үнемі бақылауы және оқытудың белсенді түрлерін өткізу барысында жүзеге асырылады- деп атап өтті.

Шығып сөйлеушілер:

Тәрбиеші Г.Ж.Дустанова: күндеріңіз сәтті өтсін әріптестер! Бүгінгі әдістемелік сағатта өзімізге қажетті мол мағлұмат алдық. Жалпыға міндетті білім беру стандартын жүзеге асыру біздің негізгі қызметтік міндетіміз. Осы стандартта көрсетілген міндетті жүзеге асыру нәтижесін мониторинг жүргізу арқылы анықтаймыз. Мен «Говорушки» ересек тобымен мониторинг жүргізуде балаларды оқу іс әрекеті кезінде үнемі бақылап, әр баланың дағдысын, даму деңгейін жазып алып жазбалар жүргіземін. Және сол бақылау жазбаларын балаларды бағалау кезінде қолданамын. мониторинг жүргізу үшін педагогтың бақылау дағдысы жақсы қалыптасқан болуы тиіс.

Әдістемелік кеңес отырысының қорытындысы бойынша:

1. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жылдық жоспарға, циклограммаға енгізілсін.
2. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг бойынша жүргізілсін.

№15 «Жидек» бөбекжай-балабақшасының әдіскері: С.Т. Кубашева 

МККК №15 «Жидек» бөбекжай -балабақшасы
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ХАТТАМА

Ақтөбе қ.

№3

«25» «01» 2024 ж.

Кеңес отырысының қатысушылары: 28 педагог

Күн тәртібі:

1. Педагогтердің ата-аналармен өзара әрекеттесу проблемалары бойынша білімдерін жүйелендіру, ата-аналармен бейдәстүрлі жұмыс нысандары.
Әдіскер: С.Т.Кубашева
2. Ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнату және өзара әрекеттесу психологиялық тренинг.
Психолог: Т.И.Клещева
3. «Ата-аналар мектебі» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша, ата-аналармен жұмыс істеудің оңы мен терісі.
Тәрбиеші: Г.К.Кажмуханова

Тыңдалды:

1-ші сұрақ бойынша әдіскер С.Т.Кубашева ата-аналармен жұмыс жүргізуде бейдәстүрлі жұмыс түрлеріне тоқталып өтті. Мектепке дейінгі ұйым мен отбасының өзара әрекеттесу мәселесі өзекті болып табылады.

Балабақшамызда және әрбір жекелеген топта тәрбиеленушілердің ата-аналарымен бірлескен қызметтің жоспары әзірленеді. Іс-шара ББ-ның міндеттеріне, ата-аналардың мүддесі мен қажеттіліктеріне және педагогтардың мүмкіндіктеріне жауап беретіндей болып құрылады. **Мақсаты:** «Балабақша – отбасы» бірыңғай білім беру кеңістігін жасау. Тәрбиешілер әр айдың басында күнтізбелік жоспар жасаған кезде ата-аналармен жұмысты жазып отырады, онда жеке және топтық консультациялардың тақырыптары, көрнекі ақпараттың тақырыбы, ата-аналар комитетімен жұмыс көрсетіледі. Ата-аналармен неғұрлым тиімді жұмысты қамтамасыз ету үшін оқу жылының басында ата-аналар әлеуметімен жұмыстың неғұрлым тиімді әрі қолайлы нысандарын анықтау мақсатында сауалнама жүргізіледі. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс әдістері әртүрлі болуы мүмкін, бірақ бірдей міндетті шешуге бағытталған: балаларды тәрбиелеу мен дамытудың өзекті проблемаларын талқылау; жағдайды құбылту – ата-аналарды психологиялық ұғымдардың қарапайым элементтеріне оқыту; ата-аналармен бірге балалар ойындары. Ата-аналармен жұмыстың мазмұны сан алуан нысандар арқылы жүзеге асырылады. Педагогтың мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарымен қарым-қатынасының дәстүрлі және дәстүрлі емес нысандары бар, олардың мәні – ата-аналардың педагогикалық білімдерін байыту. Ата-аналармен қарым-қатынастың дәстүрлі емес нысандары кең қолданылады. Олар ойын-сауық бағдарламаларының түрі, ойын түрінде құрылған және ата-аналармен формалды емес байланыс орнатуға, олардың назарын балабақшаға

аударуға бағытталған. Ата-аналар өз балаларын жақсырақ біле бастайды, өйткені оны басқа, өздері үшін жаңа жағдайда көреді, педагогтармен жақындаса түседі. Ата-аналар мен балалардың бірлескен жұмысының көрмесін ұйымдастыруға болады-деді.

Күн тәртібінің 2-ші сұрақ бойынша психолог Т.И.Клещева: педагогтармен психологиялық тренинг өткізді. Ата-аналарды педагогикалық үдеріске тарту арқылы бала тәрбиесінің мақсат, міндеттерінің түсінуіне, бала тәрбиесін ойдағыдай іске асыруына ықпал етеміз. Ата-ана баланың мүмкіндігін ескеру, сонымен қатар кідіріс те болдырмау керектігін түсінеді. Ата-аналардың педагогикалық мүмкіндіктерін анықтайтын жағдайлардың кешені өз деңгейінде болу қажет. Олар отбасының тұрмыстық жағдайы, құрылысы және отбасы мүшелерінің саны, психологиялық жағдайы, мәдени білім деңгейі, ата-ана өнегесі. Ата-аналарға педагогикалық сауаттылықтарын жетілдіру мақсатында бүгінгі «Білгім келеді» тренингін өткен жолы ата-аналар жиналысында өткізген болатынмын. нәтижесінде ата-аналар тарапынан оң пікір алдым.

Күн тәртібінің 3-ші сұрағы бойынша тәрбиеші Г.К.Кажмуханова:

Ата-анамен балабақша арасындағы тығыз қарым-қатынас, бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда оның бала тәрбиесіне тигізетін ықпалы да нәтижелі болмақ. Ата-аналарды ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қатыстырудың маңызды нәтижесі ата-аналар өз балаларының оларға тән емес ортадағы қылығын, оның басқалармен қалай араласуын, білім деңгейін, құрдастарының оған деген қарым-қатынасын зерттей алады. Өз баласының дамуы басқалардан артта қалған жоқ па, балабақшада ол үйдегідей емес, өзін басқаша ұстауын еріксіз салыстырады. Бәрін мен дұрыс істеймін бе, неге менде тәрбиелеудің өзге нәтижесі қалыптасқан, неге үйрену керек деген рефлекстік қызмет «іске қосылады». Жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарын ата-аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата-аналар заман талабына сай өзекті мәселерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыптарды өздері ұсына алады. Сонымен қатар ата-аналардың ұсыныс – тілектерімен санаса отырып ата-аналарға арналған әңгімелер мен лекциялар, кеңестер мен сұрақ-жауап кештері, тәрбие жұмысын алмасу жөніндегі конференциялар, ата-аналарды педагогикалық әдебиеттермен таныстыру әдіс-тәсілдері қарастырылады. Ата-аналардың балабақшадағы балалардың өмірін мейілінше қызықты етіп өткізуіне үлес қосу үшін біздің топта ата-аналармен біріге отырып қуыршақ театрлары мен ертегілерді бірігіп сахналаймыз. «Тыңда балам, ертегі» айдарымен ұсынылатын әжелердің ертегілерін тыңдаймыз. Ата-аналармен, балалардың шығармашылықтарын шындай түсу мақсатында «Жарасымды отбасы» сайысын өткіздім. Онда отбасылар өз өнерлерін көрсету, қол өнер шеберліктерін, тест тапсырмаларын орындау сияқты сайыс кезеңдерінен өтіп өз бағаларын алды. Ата-аналармен мейілінше кең тараған жұмыстардың бірі ол ашық есік күні. Мектеп жасына дейінгі мекемемен, оның дәстүрлерімен, ережелерімен, тәрбиелеу - оқыту жұмыстарының ерекшеліктерімен таныстыруға, олармен

қызықтыра білуге және қатысуға мүмкіндік береді. Ата-аналармен топтарға саяхат жасау, балабақша жұмысынан үзінді көрсету (ұжымдық жұмыстар, серуендеуге жинау т.с.с.) немесе әдіске ата-аналармен әңгімелеседі, олардың алған әсерлерін анықтайды, туындаған сұрақтарға жауап береді. Әңгімелерді жеке дара, ұжымдық түрінде өткіземіз. Бұл екі жағдай да, нақты міндет: нені анықтау қажеттігі, немен көмектесуге болатыны белгіленеді, ата-аналардың пікірлерін де тыңдаймыз. Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке даралығын дамытуға отбасы мен мектеп жасына дейінгі мекеменің дәстүрлі емес өзара іс-әрекеті бірлігінің педагогикалық принципі негізінде жүзеге асыруда байқауға болады. Тәрбиешілердің, қоғамдық ұйымдардың және отбасының ұрпақты тәрбиелеуде бірлесіп қоян-қолтық жұмыс істеуін талап етеді. Егер де тәрбиелеу күштері қалыптаспаса және бір-біріне қарама-қайшы келсе, онда бала психикалық жүктемелерге тап болады. Сонымен қатар ата-аналарыма жиі кеңестер беріліп тұрады. Әдетте кеңестер жүйесі құрастырылады, олар жеке дара немесе ата-аналар топтарымен жүргізіледі. Топтық кеңестерге бірдей проблемалы немесе тәрбиелеуде бірдей табыстары бар әр түрлі топтың ата-аналарын шақырамыз. Ата-аналардың белгілі білімдерді, әдістерді меңгеруі, проблемалық мәселелерді шешуге көмек көрсету кеңестердің басты мақсаты болып табылады. Кейбір жас ата-аналарға семинар - практикумдардың маңызы зор. Бұл нышан оқытудың әдістері мен тәсілдері туралы айтуға, кітапты қалай оқу керектігін көрсетуге, иллюстрациялы суреттерді көруге, оқығаны туралы әңгімелеуге, жазуға қолын жаттықтыруға мүмкіндік береді. Топтық жиналыстарды талқылауға 2-3 мәселені ұсынады бір сұрақты тәрбиеші дайындайды, басқа мәселелер бойынша ата-аналар немесе мамандардың біреуі дайындайды. «Балалардың кітапқа деген қызығушылығын қалай ояту керек?», «Теледидар балаларды тәрбиелеуде дос па әлде жау ма?» өткізуге болады. Ата-анамен балабақша арасындағы тығыз қарым-қатынас, бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда оның бала тәрбиесіне тигізетін ықпалы да нәтижелі болмақ.

Шығып сөйлеушілер:

Тәрбиеші: Н.П.Сариева: Бүгінгі әдістемелік кеңестің күн тәртібінде қарастырылған сұрақтар қазіргі таңда өте өзекті. Бүгін іс тәжірибелерімен бөліскен әріптестеріме алғыс білдіремін. «Радуга» тобының тәрбиешісі Т.А.Бондарева ата-аналармен практикада қолданған жұмыс түрлерін алдағы уақытта өз тәжірибемде қолданамын.

Әдістемелік кеңес отырысының қорытындысы бойынша:

1. Ата-аналармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізілу жандандырылсын барлық топта.

№15 «Жидек» бөбекжай-балабақшасының әдіскері: С.Т.Кубашева

